

Acknowledgment. This research has been funded by the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Grant No. AP25794787, project topic «Design and development of interactive educational stands with an integrated approach to learning»).

REFERENCES:

- 1 Middleton P. Sustainable living education: Techniques to help advance the renewable energy transformation. *Solar Energy*, 2018, vol. 174, pp. 1016-1018.
- 2 Lucas H., Pinnington S., Cabeza L.F. Education and training gaps in the renewable energy sector. *Solar Energy*, 2018, vol.173, pp. 449-455.
- 3 Hsu C.H., Eshwarappa N.M., Chang W.T. et al. Green communication approach for the smart city using renewable energy systems. *Energy Reports*, 2022, vol.8, pp. 9528-9540.
- 4 Dumitru C.D., Gligor A. Designing of a renewable energy training programme for engineering education. *Procedia Technology*, 2014, vol. 12, pp. 753-758.
- 5 Zguir M.F., Dubis S., Koç M. Integrating sustainability into curricula: Teachers' perceptions, preparation and practice in Qatar. *Journal of Cleaner Production*, 2022, vol.371, 133167 p.
- 6 Karakul A.K. Educating labour force for a green economy and renewable energy jobs in Turkey: A quantitative approach. *Renewable and Sustainable Energy Reviews*, 2016, vol.63, pp. 568-578.
- 7 Cloke J., Mohr A., Brown E. Imagining renewable energy: Towards a Social Energy Systems approach to community renewable energy projects in the Global South. *Energy research & social science*, 2017, vol. 31, pp. 263-272.
- 8 Keramitsoglou K.M. Exploring adolescents' knowledge, perceptions and attitudes towards Renewable Energy Sources: A colour choice approach. *Renewable and Sustainable Energy Reviews*, 2016, vol.59, pp. 1159-1169.
- 9 Kandpal T.C., Broman, L. Renewable energy education: A global status review. *Renewable and Sustainable Energy Reviews*, 2014, vol.34, pp. 300-324.
- 10 Mahalik M K., Mallick H., Padhan. H. Do educational levels influence the environmental quality? The role of renewable and non-renewable energy demand in selected BRICS countries with a new policy perspective. *Renewable Energy*, 2021, vol. 164, pp. 419-432.
- 11 DiRuzza E.M., Grabinsky J., Pelissari K., Consedine T.E. Renewable Energy SMART Lessons: An Educational Approach to a Sustainable Future in Namibia. *Renewable Energy*, 2017, available at: https://web.cs.wpi.edu/~rek/Projects/EduVentures_Proposal.pdf (accessed 24 July 2024).

Information about the authors:

Karatayeva Zhanerke Rysbekovna* – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Republic of Kazakhstan, 010000 Astana, 18-143 Bauyrzhan Momysbulay Ave., tel.: +7-777-919-00-91, e-mail: karatayeva_zhr@enu.kz.

Abildinova Gulmira Maratovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Republic of Kazakhstan, 010000 Astana, 92 Kosshygululy Str., tel.: +7-775-334-07-08, e-mail: abildinova_gm@enu.kz.

Каратаева Жанерке Рысбековна* – PhD докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, 010000 Астана қ., Бауыржан Момышұлы даңғ., 18-143, тел.: +7-777-919-00-91, e-mail: karatayeva_zhr@enu.kz.

Абильдинова Гульмира Маратовна – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент), Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, 010000 Астана қ., Қосшығұлұлы көш., 92, тел.: +7-775-334-07-08, e-mail: abildinova_gm@enu.kz.

Каратаева Жанерке Рысбековна* – PhD докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Республика Казахстан, 010000, г. Астана, просп. Бауыржан Момышұлы, 18-143, тел.: +7-777-919-00-91, e-mail: karatayeva_zhr@enu.kz.

Гульмира Абильдинова Маратовна – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор (доцент), Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Республика Казахстан, 010000, г. Астана, ул. Косшыгулулы, 92, тел.: +7-775-334-07-08, e-mail: abildinova_gm@enu.kz.

XFTAP 14.35.09

ӨОЖ 378

https://doi.org/10.52269/22266070_2025_1_372

БОЛАШАҚ КӨРКЕМ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҮРДІСІНДЕ ДИЗАЙН ПӘНДЕРІН ИНТЕГРАЦИЯЛАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Ожарова Г.М.* – PhD докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Ақбаева Ш.А. – педагогика ғылымдарының кандидаты, «Көркем білім» кафедрасының доценті, Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Конакбаева У.Ж. – PhD докторы, қауымдастырылған профессор, бастауыш білім және өнер факультетінің деканы, Ж.А.Ташенев атындағы университет, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы.

Мақалада болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында дизайн пәндерін көркем-педагогикалық білім беру бағдарламасына интеграциялаудың тиімділігі қарастырылады. Дизайн бағдарламасынан арнайы пәндерді оқу жоспарларына енгізудің әртүрлі тәсілдері мен әдістемелеріне ерекше назар аударылады. Бұл шығармашылық ойлау, визуалды сауаттылық, цифрлық құралдармен жұмыс істей білу және жобалық іс-әрекет дағдылары сияқты негізгі кәсіби құзыреттіліктерді дамытуға ықпал етеді. Дизайн пәндерінің интеграциясы студенттерге теориялық негіздерді игеріп қана қоймай, сонымен қатар тез дамып келе жатқан технологиялар жағдайында табысты педагогикалық қызмет үшін қажетті практикалық дағдыларды игеруге көмектеседі. Қойылған мақсаттарға жету үшін білім беру бағдарламаларын талдау әдістері, студенттер мен сарапшыларға сауалнама жүргізу, сондай-ақ эксперименттік зерттеу нәтижелерін бағалау қолданылды. Бұл әдістер дизайн пәндерін интеграциялаудың тиімді дәрежесін және олардың болашақ мұғалімдердің кәсіби дағдыларын дамытуға әсерін анықтауға мүмкіндік берді. Жұмыс барысында дизайн пәндерінің интеграциясы болашақ мұғалімдерді даярлау сапасын, олардың білім берудің заманауи талаптарына бейімделу және педагогикалық қызметке шығармашылық көзқарасты дамыту қабілетін едәуір арттыратыны анықталды. Мақаланың мақсаты мен мазмұнын қалыптастыру білім беру бағдарламаларын талдауға, студенттерге сауалнама жүргізуге және алынған нәтижелерді түсіндіру үшін бағалау әдістерін қолдануға негізделген. Бұл педагогикалық практикаға дизайнды енгізудің маңыздылығын негіздеуге мүмкіндік берді.

Түйінді сөздер: пәндерді интеграциялау, көркем білім беру, кәсіби құзыреттілік, тиімділік, педагогикалық дайындық.

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИНТЕГРАЦИИ ДИСЦИПЛИН ДИЗАЙНА В ПРОЦЕССЕ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ХУДОЖЕСТВЕННО-ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Ожарова Г.М.* – PhD докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан.

Ақбаева Ш.А. – кандидат педагогических наук, доцент кафедры «Художественное образование» факультета искусства, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан.

Конакбаева У.Ж. – PhD доктор, ассоциированный профессор, Университет имени Ж. А. Ташенева, г. Шымкент, Республика Казахстан.

В статье рассматривается эффективность интеграции дисциплин дизайна в образовательный процесс художественного образования с целью формирования профессиональной компетентности будущих учителей. Особое внимание уделяется различным подходам и методикам включения специализированных дисциплин из программы дизайна в учебные планы, что способствует развитию ключевых профессиональных компетенций, таких как креативное мышление, визуальная грамотность, умение работать с цифровыми инструментами и навыки проектной деятельности. Интеграция дисциплин дизайна помогает студентам не только освоить теоретические основы, но и приобретать практические навыки, которые необходимы для успешной педагогической деятельности в условиях быстро развивающихся технологий. Для достижения поставленных целей использовались методы анализа образовательных программ, анкетирование студентов и экспертов, а также оценка результатов экспериментального исследования. Эти методы позволили выявить степень эффективности интеграции дисциплин дизайна и их влияние на развитие профессиональных навыков будущих учителей. В ходе работы было установлено, что интеграция дисциплин дизайна значительно повышает качество подготовки будущих учителей, их способность адаптироваться к современным требованиям образования и развивать творческий подход к педагогической деятельности. Формирование целей и содержания статьи базировалось на анализе образовательных программ, опросе студентов и применении методов оценки для интерпретации полученных результатов, что позволило обосновать значимость внедрения дизайна в педагогическую практику.

Ключевые слова: интеграция дисциплин, художественное образование, профессиональная компетентность, эффективность, педагогическая подготовка

THE EFFECTIVENESS OF INTEGRATING DESIGN DISCIPLINES IN DEVELOPING PROFESSIONAL COMPETENCIES OF FUTURE TEACHERS OF ART AND PEDAGOGICAL EDUCATION

Ozharova G.M.* – PhD student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan.

Akbayeva Sh.A. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of art education, Faculty of arts, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan.

Konakbayeva U.Zh. – PhD, Associate Professor, Zh.A. Tashenev University, Shymkent, Republic of Kazakhstan.

The article examines the effectiveness of integrating design disciplines into the educational process of art education to form the professional competence of future teachers. Special attention is paid to various approaches and methods for integrating specialized disciplines from the design curriculum into educational programs, which contributes to the development of key professional competencies such as creative thinking, visual literacy, the ability to work with digital tools and project skills. The integration of design disciplines helps students not only master the theoretical foundations, but also acquire practical skills required for successful teaching in a rapidly developing technology environment. To achieve these goals, methods of analyzing educational programs, polling students and experts, as well as evaluating the results of experimental research were used. These methods allowed us to identify the degree of effectiveness of the integration of design disciplines and their impact on the development of professional skills of future teachers. In the course of the study, it was found that the integration of design disciplines significantly improves the quality of future teachers' training, their ability to adapt to modern educational requirements and develop a creative approach to teaching. The formation of the goals and content of the article was based on the analysis of educational

programs, a survey of students, and the use of assessment methods to interpret the results obtained, enabling us to substantiate the importance of introducing design into pedagogical practice.

Key words: *integration of disciplines, art education, professional competence, effectiveness, pedagogical training.*

Кіріспе. Қазіргі білім беру парадигмасы жоғары оқу орындары мен педагогикалық қоғамдастықтың алдына болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға қатысты жаңа сын-пікірлер мен талаптар айтылады. Білім беру бағдарламаларын байытудың және оқу процесін тиімді дамытудың перспективалық тәсілдерінің бірі дизайн саласының пәндерін көркем-педагогикалық білім беру бағдарламасына интеграциялау болып табылады. Бұл тәсіл студенттердің академиялық көлемін кеңейтіп қана қоймай, болашақ мұғалімдердің дайындық сапасын едәуір арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл кіріспеде біз болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін дизайн саласының пәндерін көркем-педагогикалық білім беру бағдарламасына интеграциялау тиімділігінің өзектілігі мен маңыздылығын қарастырамыз, зерттеудің негізгі мақсаттары мен міндеттерін, сонымен қатар оның теориялық және практикалық маңыздылығын анықтаймыз.

Дизайн саласының пәндерін көркем-педагогикалық білім беру бағдарламасына интеграциялау проблемасының өзектілігі қазіргі қоғамның болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауға қойылатын талаптарының өзгеруіне байланысты. Бүгінгі білім беру стандарттары мен еңбек нарығының шындықтары педагогтерге жоғары талаптар қояды, соның ішінде заманауи ақпараттық технологиялармен жұмыс істеу қабілеті, креативті ойлау, оқытудағы инновациялық тәсіл қабілеті. Бұл тұрғыда дизайн саласының пәндерін оқу үдерісіне интеграциялау болашақ мұғалімдерде қажетті кәсіби дағдылар мен құзыреттер кешенін қалыптастыруға ықпал ететін негізгі факторлардың біріне айналады.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы дизайн саласының пәндерін көркем-педагогикалық білім беру бағдарламасына интеграциялау саласындағы теориялық базаны кеңейту және оның болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға әсерін анықтау болып табылады. Зерттеудің практикалық маңыздылығы оның нәтижелерін оқу бағдарламаларын оңтайландыру, оқытудың жаңа әдістерін әзірлеу және педагогикалық кадрларды даярлау сапасын арттыру үшін пайдалану мүмкіндігі болып табылады.

Қазіргі білім беруде болашақ мұғалімдер арасында кешенді кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру үшін әртүрлі пәндерді интеграциялаудың маңыздылығын түсіну қарқынды дамып келеді.

Интеграция қазіргі ғылыми білімнің мазмұны мен құрылымын, жеке ғылымдардың интеллектуалды және тұжырымдамалық мүмкіндіктерін терең өзгертеді. Бұл мазмұнды, құрылымдық, ғылыми-ұйымдастырушылық педагогикалық аспектілерде білім бірлігіне қол жеткізудің маңызды құралы [1].

Интеграция термині философиялық энциклопедиялық сөздігінде (лат. integer-толық, тұтас, бұзылмаған) нәтижесі тұтастыққа ие процесс немесе әрекет; біріктіру, бірлікті қалпына келтіру делінген [2, 210 б.]. Білім беру практикасы мен теориясында интеграция процесі әр түрлі білім салаларындағы оқу пәндерінің әртүрлі элементтерін, ғылыми тұжырымдамалар мен әдістерді бір курс шеңберінде біріктіру арқылы жүзеге асырылады.

Интеграция алғаш рет ғылыми білімнің негізгі салаларында көрінді. Оның пайда болуы қарама – қарсы құбылыстың дамуымен, ғылымдардың саралануымен және мамандандырудың егжей-тегжейінің артуымен, сондай-ақ білім көлемінің өсуімен және олардың әр нақты саладағы талаптарымен байланысты. Осылайша, оқу пәндері арасындағы интеграция пәндік жүйені жоққа шығармайды, бірақ оны жетілдіруге және олардың арасындағы байланысты арттыруға бағытталған [3, 3 б.].

Пәнаралық интеграция – бұл маман даярлаудың барлық кезеңдеріндегі білім, сенім және практикалық іс-әрекетті біріктіру, университеттегі білім берудің әрбір нақты мақсатына қатысты сабақтардың барлық түрлерін синтездеу деп, Чебышев Н., Каган В. өзінің «Основа развития современной высшей школы» ғылыми еңбегінде жазды [4, 18 б.].

Интеграцияның негізгі қиындығы мынада: әрбір пән семиотикалық гетерогенділікке байланысты пәнаралық ауысуға ұшырамайды, өйткені әр пәннің өзіндік тезаурусы мен тілі бар, бірақ әрбір ұғым интеграцияланатын пәннің тезаурусына сәйкес келмейтіні Т.Е.Титовецтің «Междисциплинарная интеграция в специализирующей и генерализирующей моделях содержания педагогического образования» мақаласында келтірілген [5, 36 б.].

Пәндердің интеграциясы студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Әр түрлі оқу пәндері мен ғылыми тәсілдерді біріктіру пәндік саланы терең және жан-жақты түсінуге және студенттердің жан-жақты ойлауын дамытуға ықпал етеді [3, 2 б.].

Кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесін Қазақстанның және де басқа да елдердің ғалымдары зерттеу үстінде. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру маман дайындауда ең басты мәселе болғандықтан көптеген зерттеулердің нәтижесі ретінде ғылыми мақалалар, оқу-әдістемелік құралдар, оқулықтар, ғылыми диссертациялар қорғалған. Білім беру саласындағы «құзыреттілік» ұғымы өткен ғасырдың 1960 жылдары жылдары шетел ғылыми зерттеулерінде енгізілді, ал Қазақстан ғылыми зерттеулерінде 1980 жылдардан бастап қарастырылған. «Құзыреттілік» және «кәсіби құзыреттілік» терминдерін енгізу «біліктілік», «шеберлік», «кәсіби мүмкіндіктер», «кәсібилік» және басқа да ұғымдарды біріктіретін олардың жан-жақты мазмұнымен негізделген [6, 443 б.].

Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру және кеңейту тақырыптары Адольф В. А., Кузьмина Н. В., Новикова А.М., Лукьянова М.И., Маркова А.К., Трофимова Г.С., Бернгард Г., Блум В., Стернер Р. және т.б. ғылыми еңбектерінде зерттелетін құбылыстың кең болуына қарамастан, бүгінгі күнге дейін оның анықтамасы мен құрылымында, демек, оның даму жолдарын анықтауда бірлікке қол жеткізу мүмкін болмады.

Жоғары білім беруде құзыреттілік тәсілді енгізу түлектің бейінін модельдеуге, оқытудың сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ студенттерді оқытудың нақты салаларында оқытудың әртүрлі кезеңдерінде жалпы мәдени және кәсіби құзыреттілік деңгейлерін қалыптастыруға және бағалауға байланысты бірқатар мәселелерді тудырады.

Қазіргі заманғы жоғары білімнің негізгі мақсаты еңбек нарығының талаптарына сәйкес келетін және кәсібилік деңгейі жоғары білікті мамандарды даярлау болып табылады. Бұл мамандар өз саласында терең білімге ие болып қана қоймай, сонымен қатар қазіргі әлемнің тез өзгертін жағдайларына сәтті бейімделуге

мүмкіндік беретін кең құзыреттілікке ие болуы керек. Сонымен қатар, олар өздігінен кәсіби дамуға, әлеуметтік және кәсіби ұтқырлыққа, сондай-ақ ұзақ мерзімді мансап пен кәсіби өсуге дайын болуы керек. Бұл тәсіл түлектерге еңбек нарығына сәтті интеграциялануға және таңдалған қызмет саласында одан әрі дамуға мүмкіндік береді [7, 9 б.].

ЖОО түлегінің құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін зерттеу нәтижелері О.В.Солодянкина авторы болып табылатын «Разработка документов по моделированию и определению путей формирования компетенций выпускника вуза» оқу құралында ұсынылған. Бұл оқулық қазіргі еңбек нарығының талаптары мен қоғамның қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру бағдарламасын жобалаудың негізгі аспектілерін қарастырады [8, 22-33 бб.].

Өз мақаласында Қ.Құдайбергенова «Негізгі кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктерді қалыптастыру педагогикалық жұмыс деңгейін және қазіргі білім беру сапасын арттыруға ықпал ететінін» атап өтті [9, 9 б.].

И.А.Зимняя, А.К.Маркова, және Н.В.Кузьмина басқалар сияқты ресейлік ғалымдардың зерттеулерінде ХХ ғасырдың 70-90 жылдарында құзыреттілік тұжырымдамасы педагогикалық процесті басқаруда және мұғалімнің кәсіби қызметін қалыптастыруда маңызды рөл атқаратын білім берудегі жаңа мақсат ретінде қарастырылды. Кәсіби-педагогикалық құзыреттілік және оның әртүрлі аспектілері В.А.Адольф, Е.В.Бондаревскаяның ғылыми еңбектерінде зерттелді, ал педагогтың кәсіби құзыреттілігінің басқа аспектілері М. В. Прохорова, Л. М. Митина, Л. И. Мищенко және басқа ғалымдар зерттеулерінде қарастырылды. Ал Канадалық ғалым Флориан Мейер өз жұмысында «Мұғалімнің кәсіби құзыреттілік деңгейі білімді үнемі жетілдіру, өзін-өзі жүзеге асыру, шығармашылықты дамыту арқылы өсуде» дейді [10. 4-6 бб.].

Қазақстандық ғалым К.С.Құдайбергенова «құзыреттілік» ұғымын педагогика контекстінде түсіндіреді, оны латынның «competens» сөзінен адамның субъективті тәжірибесін ескеретін белгілі бір салада кәсіби дайындалған сарапшы ретінде аударлады. Ол «құзыреттілік» және «құзырет» ұғымдарын келесідей ажыратады:

- білімнен айырмашылығы, құзыреттілік-бұл ақпараттың жинақталуы ғана емес, белсенді қызметтің бір түрі;
- дағдылардан айырмашылығы, бұл материалды талдау және креативті әдістерді қолдану арқылы құбылыстар мен заңдылықтарды өзгертуге қабілетті саналы әрекет;
- дағдылардан айырмашылығы, бұл дағдыларды автоматты түрде игеру немесе өзгерту емес, әр түрлі салалардағы дағдыларды іс-әрекеттің негіздерін түсінумен біріктіру [11, 32 б.].

И.И.Ходжибаев өз зерттеулерінде «Заманауи мұғалімнің кәсіби дайындығының негізгі құрамдас бөлігі оның құзыреттілігі болып табылады» деп білдірді. [12, 445 б.].

Зерттеудің **мақсаты** болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін дизайн саласының пәндерін көркем-педагогикалық білім беру бағдарламасына біріктірудің тиімділігін анықтау болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін келесі **міндеттерді** орындау көзделеді:

1. Дизайн саласының пәндерін көркем-педагогикалық білім беру бағдарламасына біріктірудің қолданыстағы тәсілдерін талдау.
2. Дизайн саласы пәндерін білім беру процесіне біріктірудің теориялық негіздері мен әдістерін зерттеу.
3. Дизайн саласы пәндерінің интеграциясының болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға әсерін бағалау.
4. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру тұрғысынан дизайнды көркем-педагогикалық білім беру бағдарламасына біріктірудің артықшылықтары мен шектеулерін анықтау.
5. Болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін тиімді қалыптастыру үшін дизайн саласының пәндерін көркем-педагогикалық білім беру бағдарламасының оқу жоспарына интеграциялау процесін оңтайландыру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Материалдар мен әдістер. Дизайнды көркем-педагогикалық білімге интеграциялауды және оның болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға әсерін зерттеуге бағытталған зерттеу жүргізу үшін әдістер кешені қолданылды. Бұл әдістер білім беру процесін жан-жақты бағалауға, студенттердің дизайнды қабылдау ерекшеліктерін анықтауға және олардың кәсіби даму динамикасын талдауға мүмкіндік берді. Теориялық талдауға, эксперименттік мәліметтерге және практикалық бақылауларға сүйене отырып, зерттеу қазіргі еңбек нарығының талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын оңтайландыруға бағытталған негізделген тұжырымдар мен ұсыныстарды ұсынады.

Қазіргі еңбек нарығы көркем-өнер пәндерін жүргізетін мұғалімдерінің кәсіби дайындығына жоғары талаптар қояды. Осы талаптарға сай болу үшін мұғалім дәстүрлі дағдыларды ғана емес, сонымен қатар оқытудың заманауи тәсілдерін, цифрлық технологияларды қолдануды, дизайн процестерін түсінуді және өзгермелі жағдайларға бейімделу қабілетін қамтитын кең құзыреттілікке ие болуы керек.

1 кесте – Қазіргі еңбек нарығының талаптарына жауап беретін көркем білім беру мұғалімінің моделі

Моделді құрастырушы		
Кәсіби-педагогикалық құзыреттер		
Білім беру стандарттары мен оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру мүмкіндігі.	Оқушылармен, әріптестермен және ата-аналармен тиімді қарым-қатынас және өзара әрекеттесу дағдылары.	Жобаға бағытталған оқытуды қоса алғанда, оқытудың заманауи әдістерін енгізу мүмкіндігі.
Креативтілік және көрнекі сауаттылық		
Композиция, тұстану және бейнелеу өнері негіздерін меңгеру.	Дамыған креативті ойлау және стандартты емес шешімдерді табу мүмкіндігі.	Графикалық дизайн және мультимедиялық өнер принциптерін түсіну.
Технологиялық құзыреттер		
Графикалық редакторлар, 3D модельдеу бағдарламалары, мультимедиа және анимация сияқты цифрлық құралдармен жұмыс істеу мүмкіндігі.	UI/UX дизайн негіздерін және басқа заманауи дизайн бағыттарының білуі	Оқыту үшін интерактивті технологиялар мен платформаларды пайдалану.

Жобалау және ұйымдастыру қызметі		
Көрмелер, конкурстар мен презентацияларды қоса алғанда, білім беру және креативті жобаларды ұйымдастыру және үйлестіру қабілеті.	Командада жұмыс істей білу және оқу жобаларын басқару, соның ішінде мақсат қою, міндеттерді бөлу және олардың орындалуын бақылау.	
Бейімделу және инновация		
Қазіргі жастардың мүдделері мен қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік беретін оқыту тәсілдеріндегі икемділік.	Білім беру процесіне жаңа технологиялар мен педагогикалық тәсілдерді біріктіру мүмкіндігі.	Үнемі кәсіби дамуға және жаңа білімді игеруге ынталы.
Еңбек нарығы мен педагогикалық кәсіпті түсіну		
Өнер, дизайн және білім беру тенденцияларын білу.	Оқушылардың эстетикалық тәрбиесі мен көрнекі мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығын түсіну.	Оқу процесін индустрия мен білім беру саласының заманауи сұраныстарына бейімдеуге дайындық.

1-ші кестеге сәйкес біз қазіргі еңбек нарығының талаптарына сай маман даярлауда «Креативтілік және көрнекі сауаттылық», «Технологиялық құзыреттер», «Жобалау және ұйымдастыру қызметі» [13] тармақтарын сәйкестендіру үшін жұмыс жүргізіп эксперимент арқылы бақылап көз жеткізе аламыз.

Дизайнды көркем-педагогикалық білімге интеграциялау тақырыбы бойынша эксперименттік жұмыс болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін дизайн саласы пәндерін қолданудың тиімділігін бағалауға бағытталған. Сол себепті эксперименттік жұмыс үшін біз көркем еңбек, графика және жобалау білім беру бағдарламасының 3 курс білімгерлерін таңдадық. Экспериментті бастамас бұрын топта бар 16 студентті екі топқа бөлеміз. Бірінші топ эксперименттік топ, екінші бақылау тобы.

Эксперимент мақсаты: көркем-педагогикалық білім беру бағдарламасына дизайн саласы пәндерін (мысалы, графикалық, цифрлық, өнеркәсіптік дизайн) енгізу болашақ мұғалім болуға дайындалып жатқан студенттердің кәсіби құзыреттеріне қалай әсер ететінін анықтау және талдау.

Эксперименттік жұмыс кезеңдері келесі сатылардан тұрады: біріншіден эксперименттік және бақылау топтарын таңдау:

Эксперименттік топ – дизайн саласы пәндері бойынша қосымша сабақтарға қатысатын студенттер (мысалы, графикалық дизайн, мультимедиялық курстар, UI/UX негіздері).

Бақылау тобы – дизайн саласы пәндерін интеграциясынсыз, көркем-педагогикалық білім беру бағдарламасының стандартты бағдарламасы бойынша оқитын студенттер.

Біріншіден, құзыреттіліктің бастапқы деңгейін бағалау: ол үшін визуалды сауаттылық, креативті ойлау, цифрлық құралдармен жұмыс істей білу, жобалық жұмысқа қабілеттілік сияқты кәсіби құзыреттіліктің бастапқы деңгейін бағалау үшін диагностикалық тестілеу және сауалнама жүргізу. Қатысушылардың өздерінің кәсіби дағдыларын қабылдауы туралы сұхбат немесе сауалнама.

Екіншіден, оқыту сабақтарын өткізу: оқыту сабақтарын өткізу эксперименттік топ үшін цифрлық және дәстүрлі құралдармен практикалық жұмысты қамтитын дизайн саласы пәндері бойынша сабақтар сериясын әзірлеу. Сабақ тақырыптары графикалық дизайн негіздерін, медиа және анимациямен жұмыс істеуді, интерфейс-терді жобалауды, композиция принциптерін және дизайндағы түс теориясын қамтуы мүмкін.

Үшіншіден, аралық тестілеу және кері байланыс: бірнеше сабақтан кейін студенттердің жаңа білім мен құралдарды қалай қолданатынын бағалау үшін аралық тестілеу және сауалнама жүргізу. Қатысушылардан өздерінің оқу жобаларында дизайн тәсілдерін қалай қолданатыны туралы кері байланыс орнатамыз.

Төртіншіден, қорытынды тестілеу және салыстырмалы талдау: құзыреттілік деңгейіндегі өзгерістерді талдау үшін екі топта да қорытынды тестілеу өткіземіз. Шығармашылық тәсілдегі, құралдарды меңгерудегі және дизайн элементтерін өз жұмыстарына біріктіру қабілетіндегі сапалы өзгерістерді бағалау үшін студенттердің жұмысына (мысалы, жобалар немесе портфолио) талдау жасаңыз.

Экспериментке қатысушы топқа диагностикалық тестілеу және сауалнама берілді. Диагностикалық тестілеу көркем-педагогикалық білім мен дизайн саласындағы білім мен дағдыларды анықтауға бағытталуы мүмкін. Сұрақтар теориялық және практикалық болуы мүмкін. Тест сұрақтары төмендегідей:

1. Визуалды сауаттылық

А) Композиция және тұстану негіздерін білуге арналған сұрақтар:

«Алтын қатынас» (Золотое сечение) принципін сипаттаңыз. Оны композицияда қалай қолдануға болады?

Үйлесімді және тыныш композиция жасау үшін қандай түстер үйлесімін таңдар едіңіз? Мұның себебін түсіндіріңіз.

Б) Суретті қабылдау және талдау сұрақтары:

Ұсынылған суретті қараңыз (иллюстрацияларды немесе фотосуреттерді қолдануға болады) және оның негізгі визуалды элементтерін (сызықтар, пішіндер, түс) бөлектеңіз.

Сіздің ойыңызша, бұл сурет қандай көңіл-күйді жеткізеді? Оған қандай элементтер әсер етеді?

2. Креативті ойлау

А) Идеяларды қалыптастыруға арналған сұрақтар:

Ерекше көркем композиция жасау үшін қарапайым затты (мысалы, кітап немесе текше) пайдаланудың мүмкіндігінше жолдарын атаңыз.

Б) Шығармашылық мәселелерді шешу қабілетіне арналған сұрақтар:

Сізге заманауи өнер көрмесінің постерін жасау керек. Көрермендердің назарын аудару үшін қандай көркем әдістер мен көрнекі шешімдерді таңдар едіңіз?

3. Цифрлық құралдармен жұмыс істей білу

А) Бағдарламалық жасақтаманы білуге арналған сұрақтар:

Сіз қандай графикалық немесе дизайн бағдарламаларын білесіз және олардың айырмашылықтары қандай? Қайсысымен жұмыс істей алатыныңызды көрсетіңіз.

Фоннан нысанды кесу үшін Photoshop/Illustrator бағдарламасында қандай құралды қолданар едіңіз?

Практикалық тапсырмалар:

Берілген пішіндер мен түстерді пайдаланып қарапайым цифрлық иллюстрация жасаңыз.

Суретті өңдеу: жарықтық пен контрастты өзгертіңіз, мәтін қосыңыз және сәйкес қаріпті таңдаңыз.

4. Жобалық қызметке қабілеттілік

Командалық өзара әрекеттесу сұрақтары:

Сіздің ойыңызша, жобада командада сәтті жұмыс істеу үшін қандай маңызды қасиеттер мен рөлдер қажет?

Сіз қандай рөл атқарар едіңіз және неге?

Эксперименттік топтарға берілген сауалнама сұрақтары

Сауалнама студенттердің өз құзыреттерін қабылдауы және дизайнды оқу процесіне біріктіруге деген көзқарасы туралы кері байланыс алуға мүмкіндік береді. Берілетін сұрақтар:

1. Ағымдағы білім мен дағдылар деңгейін бағалау

Композиция туралы біліміңізді 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша бағалаңыз.

Дизайн жасау үшін цифрлық құралдарды қолдануға қаншалықты сенімдісіз?

Шығармашылық тапсырмаларды шешуге және жобаларды өз бетіңізше жасауға қаншалықты ыңғайлы боласыз?

2. Дизайн интеграциясына қатынасты бағалау

Білім беру қызметіндегі дизайнның маңыздылығын қалай бағалайсыз? (өте маңызды, маңызды, бейтарап, маңызды емес, мүлдем маңызды емес)

Дизайн саласы пәндері сіздің болашақ педагогикалық қызметіңізге қаншалықты көмектесе алады деп ойлайсыз?

Сіздің ойыңызша, дизайн бойынша білім болашақта мұғалім ретінде сіздің сұранысыңызды арттыра ала ма? Неліктен екенін түсіндіріңіз.

3. Ағымдағы кәсіби құзыреттерді бағалау

Сіз қандай құзыреттіліктерді күшті деп санайсыз? (барлығын дұрыс таңдаңыз: креативті ойлау, техникалық дағдылар, цифрлық құралдар дағдылары, ұйымдастырушылық қабілеттер, топтық жұмыс)

Сіз қандай құзыреттіліктермен ең көп қиындықтарға тап боласыз?

4. Курстың мақсаттары мен күтулері

Дизайн саласы пәндерін оқу процесіне біріктіру барысында не білгіңіз келеді?

Кәсіби қызметіңіз үшін қандай дағдылар мен білімді дамытқыңыз келеді?

Цифрлық және дизайн құралдарын қолдана отырып, оқу жобаларын құруға қаншалықты қызығушылық танытасыз?

5. Оқу қалауы бойынша кері байланыс

Сізге қандай оқу форматы қолайлы: практикалық сабақтар, теориялық дәрістер, жобалық жұмыстар, топтық жобалар?

Сізде дизайнның белгілі бір бағыттарына қызығушылық бар ма (Графикалық дизайн, мультимедиа, UX/UI дизайны және т. б.)? Олай болса, қайсысы?

Бұл сұрақтар студенттердің дизайн интеграциясының дайындық деңгейі мен қабылдауын анықтауға ғана емес, сонымен қатар мұғалімге курсты кәсіби құзыреттілікті тиімді қалыптастыру үшін бейімдеуге мүмкіндік береді.

Диагностикалық тест және сауалнама жауабын саралау барысында біз төмендегі кестелердегі нәтижелерден көре аламыз (кесте 2).

2 кесте – Диагностикалық тест нәтижесі

Критерий	Нәтижелер	Пікір
Визуалды сауаттылық	Барлық студенттер оң жауаптар көрсетті.	Студенттер визуалды сауаттылықтың жеткілікті деңгейіне ие. Білімді одан әрі тереңдету үшін қолдау қажет.
Креативті ойлау	8 студенттің 4-і әлі де дайындық қажет екенін көрсетті.	Студенттердің 50% – ы креативті ойлау саласында қосымша дайындық қажеттілігін мойындады.
